



БҰЙРЫҚ

«06» 09 2023ж

ПРИКАЗ

№ 266 н/к

2023-2024 оқу жылында мектеп оқушыларын тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бабының 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына сәйкес, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары» туралы бұйрығына 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға және Білім басқармасының 2023 жылғы 06-қыркүйек айындағы №1871 бұйрығы негізінде **Бұйрамын:**

1. 1 - 4 және 5 – 11 сынып оқушыларын тегін тамақтандыру ұйымдастырылсын. (Жетім балалар, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, күн көрісі төмен отбасының балалары, қиын жағдайға тап болған отбасы балары). Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру үшін жауапты болып, әлеуметтік педагог Н.В.Матвеева тағайындалсын.
2. 1-4 сынып жетекшілеріне гигиеналық нормалар мен талаптарға сәйкес мектеп асханасында оқушылардың тамақтануын есепке алу және күнделікті бақылау үшін талаптарға сәйкес жеке жауапкершілік жүктелсін.
3. 1-4 сынып мұғалімдері оқушылармен және олардың ата – аналармен (заңды өкілдерімен) салауатты тамақтану мәдениеті дағдыларын және қабылдау этикасын қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырылсын.
4. 2023-2024 оқу жылына арналған бракераждық комиссияның құрамын жасақтау және бекіту. Жауапты әлеуметтік педагог Н.В.Матвеева.
5. бракераждық комиссияның 2023- 2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жасау және бекіту. Жауапты әлеуметтік педагог Н.В.Матвеева.

6. Медицина қызметкерлері қоғамдық тамақтандыру ұйымының санитарлық –Эпидемиологиялық талаптарының сақталуын Қазақстан Республикасының СанПиНа және басқада ережелерге сәйкес қадағалансын.
7. №14 мектеп – гимназиясының асханасында мұғалімдердің кезекшілігін ұйымдастырылсын. Жауапты директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Н.Ю.Выходцева.
8. Қоғамдық тамақтандыру ұйымын интернет ресурстарында уақытылы хабардар ету. Жауапты директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Б.Демисенова және әлеуметтік педагог Н.В.Матвеева.
9. Әр тоқсан сайын мұғалімдер кеңесінде тамақтану мәселесін қарастыру. Жауапты әлеуметтік педагог Н.В.Матвеева.
10. Бухгалтерияның оқушылардың тамағына бөлген бюджет қаражатын қатаң түрде пайдаланады.
11. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



D. Baitsov

Д.Байтасов